

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1819. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.29. N 1672 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 167 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, соның ішінде біреуі бірінші сондай-ақ саны 13 адамдық алқаны ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігінің орталық аппараты үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1127 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1127 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 117 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1819 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар

министрлігі орталық аппаратының құрылымы

Басшылық

Темір жол көлігі департаменті

Автомобиль көлігі департаменті

Әуе көлігі департаменті

Су көлігі департаменті

Автомобиль жолдарының департаменті

Байланыс департаменті

Экономика басқармасы

Сыртқы байланыстар басқармасы

Аппарат жұмысын және кадр жұмысын ұйымдастыру басқармасы

Көлік инспекциясы